

Нұфтиев Ислам Нұфтиұлы

Атырау өңірінің денсаулық сақтау саласы мен зиялы қауымы ауыр қазаға ұшырады. Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері Нұфтиев Ислам Нұфтиұлы дүниеден өтті.

Нұфтиев Ислам Нұфтиұлы 1950 жылғы 14 мамырда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, бұрынғы Морокой ауылдық кеңесіне қарасты «Қарайғыр» елді мекенінде дүниеге келген. Ол балалық шағын Нарын құмының ақ шағылында аунап, жұпар ауасын жұттып өскен. Сегіз жылдық «Каспий» мектебінде орталау білім алып, аудан орталығы Ганюшкино ауылындағы Ломоносов атындағы орта мектебін бітіріп, көмелеттік аттестат алып, сол – 1968 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының «емдеу ісі» факультетіне оқуға түсіп, оны 1974 жылы ойдағыдай бітірген.

Оның еңбек жолы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының сот медицина кафедрасының аға лаборанты қызметінен басталды. Сосын аталған кафебраның клиникалық ординаторы, ассистенті қызметтерін атқарып, 1977-1981 жылдары аралығында Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының студенттер кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет етті.

1982-2001 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Өлкелік патологии ғылыми-зерттеу институтында аспирантурада оқыды. 1985 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына қайта

оралып, сол институттың сот медицинасы кафедрасының ассистенті болып жұмыс істеді.

1988 - 2001 жылдары Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының сот-медициналық сараптама және патологиялық анатомия біріккен бюросының бастығы, кейіннен танатология бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болды.

2001 - 2003 жылдары аралығында Атырау инженерлік-гуманитарлық институты гуманитарлық факультетінің деканы, 2003-2011 жылдар аралығында осы институттың тәрбие, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды.

Ол 1985 жылы «Хром қосындыларымен уланған кездегі оның адам ағзасындағы токсикокинетикасы және токсикодинамикасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бүгінгі күнге дейін Ислам Нұфтиұлының сот медициналық токсикология және сот медицинасының басқа да салалары бойынша 50-ден астам ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрген, оның ішінде 1 өнертапқыш куәлігі, 3 рационализаторлық ұсыныс енгізгендігі жөніндегі куәліктер, 1 әдістемелік нұсқаулығы бар. Ислам Нұфтиұлы өзінің еңбектері үшін КСРО және ҚР денсаулық сақтау министрліктерінің мақтау қағаздарымен, «Алтын дәрігер» төсбелгісімен және Атырау қалалық мәслихатының мақтау қағазымен марапатталған. Ол аттестациялаудан және аккредиттеуден өткен жоғары санатты сот – медициналық сарапшы, ҚР Денсаулық



сақтау министрлігінің аккредиттеуден өткен тәуелсіз сот-медициналық сарапшысы, сот медицина орталығының кеңесшісі қызметтерін де қоса атқарды. Ислам Нұфтиұлы Атырау облысының, республикамыздың басқа да облыстары құқық қорғау органдарының сот-медициналық сараптамасы бойынша тұрақты кеңесшісі де болды. Жұбайы медицина ғылымдарының кандидаты, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Жапарова Докторгүл екеуі дүниеге бірнеше ұрпақ әкеліп, олардың қызықтарын көрді, немере тәрбиеледі.

Марқұмның отбасы мен туысқандарына қайғырып көңіл айтамыз.

Сүйікті жар, асқар тау әке, абал азамат, білікті маман, ағайын-тума, бауырлардың ақылшысы Ислам Нұфтиұлының жатқан жері қайлы, топырағы торқа болғай. Алланың рақымы мен мейірімі жолдас болып, рухы пейіште шалқысын.

Бір топ жолдастары

Хабарландыру

«Eco Counter» ЖШС қалдықтарды өңдеуге арналған контейнерлік үлгідегі мобильді ғимараттар мен құрылыстар кешені бойынша «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» (ҚОӘБ) Жобасына қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Нүктелердің координаттары:
47° 8'58.72» ш.б.
51°51'46.74» ш.б.
47° 8'57.71» с.е.
51°51'45.72» ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар **09.01.2026 жылы, сағат 11.00-**де төмендегі мекен-жайда өтеді: Атырау облысы, Атырау к., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 500 құрылыс, 3 қабат (Бизнес-орталық).

Тыңдау офлайн режимде өткізілетін болады, сондай-ақ Webex платформасы арқылы онлайн бейнеконференцияға қосылу мүмкіндігі қарастырылған.

Жиналға қосылу сілтемесі:
<https://teams.microsoft.com/meet/34492033804737?p=StKCLHk67cDUUKMHWG>
Жиналға қосылу:
Жыын идентификаторы: **344 920 338 047 37**
Құпия код: **5Kf7SD6C**
Жоспарланған қызметтің бастамашысы:
«Eco Counter» ЖШС Занды мекенжайы:

Қазақстан, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Қошанай массиві, 22 құрылыс, индекс 130500 Байланыс тұлғасы: Сатанова С.Б., тел.: 8 701 621 41 76

Жобаны әзірлеуші:
ИП Мусаева
Мекен-жайы: Атырау к., Жерұйық ш/а, 8-көше, 3 үй
Байланыс тұлғасы: Мусаева К.
Ұялы тел.: 8 778 406 0670
E-mail: e.korchunova@mail.ru
Жобаның материалдары <http://ecoportal.kz> сайтында және МКІА сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-eco/> орналастырылған.
Қоғам өкілдері жоспарланған қызмет және қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы ала алады:
Ұялы тел.: 8 701 621 41 76
E-mail: lp.ecocounter@gmail.com
Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекен-жайға жолданады:

Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, мекен-жай: Атырау к., Өйтеке би көшесі, 77 үй
E-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz
Тел.: 8 (7122) 32-55-09.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2022 жылы 26 шілдеде қайтыс болған **Имашев Гизатуллаевич** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Өділет министрлігі берген.

03.04.1963 жылы туған, 26 мамыр 2025 жылы қайтыс болған **Туретаев Қуаныш Дүзбаевичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Лайкова Лиза Жасталаповнаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/5, байланыс телефоны: 8 702 500 28 76. Лицензия №18007980 санды Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің 20 сәуір 2018 жылы берілген.

21.06.2025 ж. қайтыс болған **Койбаков Сембай Канатовичтің**, (04.09.1976 ж. т.) атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 17 үй, 1/3 кенсе. Жұмыс телефоны: 87785229940. Нотариус Қызылова Әлмира Канатқызы. Лицензия №13016173, 12.10.2013 ж. ҚР ӨМ

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылы 22 маусымда қайтыс болған **Дюсенова Гулнар Мелетовнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 12 шілде 2025 жылы қайтыс болған **Есенғалиев Маулеттің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел: 8-71236-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӨМ 27.04.2015 жылы берілген

лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 29.10.2025 жылы қайтыс болған **Шалауов Елемес Мырзагереевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы Мақат ауданы Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы телефоны: 87027420470.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2025 жылдың 10 қараша айында қайтыс болған **Имашев Азамат Гизатуллаевичтің** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы тел.: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Өділет министрлігі берген.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 10.12.2018 жылы қайтыс болған **Кубишев Аманжол Құзайровичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады. Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

12 шілде 2025 жылы қайтыс болған **Садықова Гулнар Ерисовна**, 09.10.1968 жылы туған, атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Тастанбекова Орынгүл Қайрағановнаның (№17015870 лицензиясы ҚР ӨМ-мен 13.09.2017 жылы берілген) Өуезов даңғылы, 21А үй мекен-жайында орналасқан кеңсесіне хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: 8 701 130 58 89.

27.09.2025 жылы қайтыс болған **Татаев Жумажан Ерсайиновичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Ухамбаева Куляш Жумабаевнаға хабарласу сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Балықшы шағынауданы, Қаршымбай Ахмедияров көшесі, 22 үй, тел.: 87013927339. Лицензия №15015858, 28.08.2015 ж. ҚР ӨМ

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 25.10.2025 жылы қайтыс болған **Сұлтанғалиев Нұрболаттың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел: 8-71236-2-13-04, 87784822044; 23 шілде 2002 жылы берген, лицензия №0001099.

Жұқа мұз қауіпті

Қыс мезгілінде су айдындарындағы мұз қабатының толық қатпауы жыл сайын қайғылы оқиғаларға әкеліп отыр. Мамандардың айтуынша, мұздың қалыңдығы тұрақты болмайды және ауа райының құбылмалы жағдайында оның беріктігі әлсірейді. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарды ерекше сақ болуға шақырады.

Мұздың қауіптілігі неде?

Жаңа қатқан мұздың құрылымы әлсіз болады. Әсіресе өзендер мен ағысы бар су айдындарында мұздың қалыңдығы әр жерде әртүрлі. Көпір маңы, жылу немесе көріз құбырлары өтетін аумақтар, қамысты жерлер – ең қауіпті аймақтар саналады.

10 сантиметрден жұқа мұз адам салмағын көтермейді. Ал сырт көзге қалың көрінетін қар басқан мұздың астында да әлсіз қабат болуы мүмкін.

Қауіпсіздік ережелері:

- белгіленбеген жерлерде мұз үстімен жүрмеу;
- жағадан алысқа шықпау;
- мұз үстінде жүгірмеу, секірмеу, топпен жиналмау;
- мұздың беріктігін тексеру үшін таяқ қолдану;
- өзеннің тармақтарында, жағалаудан алыс, ағыс күшті жерлерде жүрмеу.

«Сұйылтылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС «СМГСП құрылысы: №1 СУГ паркі (титул 3230/1), №2 СУГ паркі (титул 3230/2) және СУГ одоризация блогы (титул 3230/3), Атырау қаласындағы қолданыстағы сұйылтылған мұнай газын сақтау паркін қайта жаңарту (титул 36). Түзету» жұмыс жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 8 қаңтар сағат 15.00-де, Мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау к. Бигелдинов көшесі 51, 3 қабат, конференц-залында өтеді.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Әсер ету аймағы: Атырау облысы, Атырау к., әсер ету аймағының координаттары: 47.04.03.52 51.56.20.80, 47.04.08.73 51.56.28.03 47.04.03.58 51.56.51.25, 47.04.02.00 51.56.36.83.

Төтенше жағдай және (немесе) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы шектеу шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRIllUVZERTBXY0NjZTFtUdY4YQTO9&omn=75680484560>.

Конференция идентификаторы: 906 397 8907. Қатынас коды: 11111.

Бастамашысы: «Сұйылтылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС, БСН: 090 440 019 833, мекен-жайы: тырау облысы, Атырау қаласы, Зейнолла Каболов даңғылы, 3-құрылыс. Тел.8 (7122) 760-740.

Құжаттаманы әзірлеуші – «EcoDelo» ЖК. Мекен-жайы: 010000, Астана к., Б.Майлин көшесі, 19, 502

«Стоматология» ЖШС ұжымы ардагер дәрігер-стоматолог, Атырау қаласының Құрметті азаматы Суханбердиев Бақыт Уәпұлына жұбайы, дәрігер-стоматолог Алмагүл Бақытқызына анасы

Рашида Шаяхметқызының қайтыс болуына байланысты жаңауласына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Егер мұз жарылып, адам суға түсіп кетсе, үрейге берілмеу керек. Мұз жиегін ұстап, денені су үстінде барынша көлденең ұстап, еңбектеп шығуға тырысқан жөн. Қауіпсіз жерге шыққаннан кейін жылы орынға барып, дереу құрғақ киімге ауысу қажет.

Балалар қауіпсіздігі:

Балалардың су айдындарына жақындауы ерекше бақылауды талап етеді. Ересектердің қарауынсыз мұзға шығу – өте қауіпті. Сондықтан ата-аналар балаларына мұздың қату деңгейі туралы түсіндіріп, бұқарат етілмеген жерлерге бармауын қадағалауы тиіс.

Құтқарушылардың үндеуі:

Төтенше жағдайлар қызметі азаматтарды қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға, белгіленбеген жерлерде мұз үстімен жүрмеуге және төтенше жағдай тіркелген жағдайда бірден «112» нөміріне хабарлауға шақырады.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау – әр азаматтың өмірі мен денсаулығын қорғаудың негізгі кепілі.

Ерлан ФАЙЗУЛЛАЕВ,
Атырау облысының ТЖД ЖжЖБО
жедел кезекшісі а/к подполковнигі

кабинет. Байланыс деректері: тел: +77712764966, эл. мекен-жай: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Қосымша ақпарат алу үшін мекен-жай мен байланыс нөмірі: Астана қ., Алматы ауданы, Майлина көш., 19. 502 қаб. Тел. +7 777 100 1345.

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyautabigat?lang=kk> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және мына мекен-жайы бойынша: Атырау к, Өйтеке би к., 77), Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады, эл. мекен-жайы: atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr_priroda@atyrau.gov.kz.

Жергілікті атқарушы орган – Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (Атырау к., Өйтеке би к., 77): atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr_priroda@atyrau.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстар жергілікті атқарушы органның atr_priroda@mail.ru қжс атқарушы органдық поштасына және <https://ndbecology.gov.kz/> сайты арқылы қабылданады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің педагогикалық ұжымы Спорттық және мәдени дамыту орталығының жетекшісі Мұхамбеталиев Аманат Қамұлына анасы

Бердіханқызы Әстүлін өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жарнама байланыс телефоны:



Атырау		Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады
МЕНШІК ИЕСІ: «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС		
Бас директор Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ		
Бас редактор Назарбек ҚОСШИЕВ		
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43. Бас редактордың орынбасары – А.Базарбаев Жауапты хатшы – Д.Мұхамбеталиев		
«atr.kz» сайтының редакторы – А.Құрмашева , тілшілер – Е.Қалихан , Т.Ермек		
Арнаулы тілші – М.Қуанышева , экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – А.Сабырова , аға тілші – Д.Аруев , қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – Р.Өтеуғали , экология және құқықтық мәселелер: шолушы – А.Қабдол , аға тілші – М.Ергали		
фототілші – Е.Алтыбаев Корректорлар: Э.Әбілқайырова , А.Жолдыбаева . Компьютер шеңы: бет құрушылар – С.Рамазанова , А.Шомажанова . Іс жүргізуші: Т.Тайтекова , теруші: К.Елеусінова		
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығын, ақпараттық агенттігін және желілік басшылығын қайта есепке қою туралы №КЗ622VPY00084467 куәлігі берілген. Басшысы «Құрмет Белгісі» орденімен республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.		
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй. Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru		
		*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді. * «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. * Авторлар жарияланымдарының пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
		Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
		● Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Индекс: 65424 Атпасты 1 рет шығады. ТАРАЛЫМЫ: 3489 дана Нөмірдің кезекшілері: Д.Аруев, Р.Өтеуғали С.Рамазанова, А.Шомажанова		